

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік
басқару академиясының 8D04113 – Мемлекеттік басқару білім беру
бағдарламасы бойынша бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін
Қарағойшина Нұргүл Ерболатқызының
«Қазақстан Республикасында әлеуметтік қақтығыстардың алдын алу
және басқару контекстінде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби
құзыреттерін жетілдіру» тақырыбында жазылған докторлық
диссертациясына ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ**

Қарағойшина Нұргүл Ерболатқызының докторлық диссертациясы – Қазақстанның ішкі тұрақтылығын нығайтуға және әлеуметтік қақтығыстардың алдын алуға бағытталған мемлекеттік саясатты практикамен ұштастырған маңызды ғылыми зерттеу. Басты құндылығы – мемлекеттік қызметшілердің кәсіби құзыреттерін дамыту арқылы тиімді шешімдер ұсынуымен ерекшеленеді.

Зерттеудің бірінші тарауында әлеуметтік қақтығыстар ұғымының теориялық негіздері мен оларды басқару тәсілдері жан-жақты талданған. Қақтығыстардың пайда болу себептері, түрлері мен салдарына тоқтала отырып, қазіргі заманғы конфликтология ғылымындағы негізгі тұжырымдамалар жүйеленген. Әсіресе, әлеуметтік қақтығыстардың алдын алу мен бейбіт реттеудің институционалдық, құқықтық және әкімшілік тетіктері сараланып, Қазақстан заңнамасындағы медиация және диалогтың рөліне баға берілген. Бұл бөлімде мемлекеттік қызмет саласына қақтығыстар менеджментін енгізу қажеттілігі теориялық тұрғыдан негізделіп, оның мемлекеттік басқару жүйесіндегі маңызы айқындалған.

Екінші тарауда 2016 жылы Ақтөбе облысында халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асқан, мемлекеттік органдардың халықпен жұмысының жаңа форматы қолданылған «Ақтөбедегі десант» жобасы талданып, осы кейс бойынша мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қақтығыстарды басқарудағы рөлі мен құзыреттері сарапталған. Сол жылдарда ҚР Бас Прокуроры лауазымында осы жобаға жетекшілік жасаған жауапты тұлға ретінде мемлекеттік қызметшілердің экстремистік қақтығыстардың алдын алуда медиаторлық рөлін атап өтіп, нақты кейстерді талдау арқылы өткен тәжірибеден сабақ алу және қателіктерді болдырмау жолдарын ұсыну – зерттеудің маңызды тұсы екеніне назар аударғым келеді.

Үшінші тарау – зерттеудің практикалық тұрғыдан өзекті бөлігі, мұнда мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қақтығыстардың алдын алу мен басқаруына қажетті құзыреттердің моделі ұсынылған. Модель құрамында медиация және келіссөз жүргізу қабілеті, эмоционалдық интеллект, коммуникативтік құзырет, құқықтық сауаттылық, мәдениетаралық сезімталдық, аналитикалық ойлау және диагностика сияқты алты негізгі құзырет жүйеленген.


Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы – Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік қақтығыстардың

алдын алу мен басқаруына қажетті құзыреттері кешенді түрде зерттеліп, халықаралық стандарттарға (OECD, ЕҚЫҰ) сәйкестендіріліп, қазақстандық жағдайға бейімделуі. Бұған қоса, эмпирикалық зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік шиеленістерді уақытылы және бейбіт шешуін көздеген алгоритмдер ұсынылды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы – оның нәтижелерінің нақты мемлекеттік органдар мен білім беру мекемелерінің жұмысында қолданылуына бағытталуында. Ұсынылған құзыреттер моделі мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және аттестациялау жүйелеріне енгізуге толық дайын. Зерттеуде ұсынылған кәсіби құзыреттер моделі мен іс-қимыл алгоритмдері сынақтан өтіп, зерттеудің тәжірибелік құндылығын арттырды. Қазақстанның барлық өңірлерінен 969 мемлекеттік қызметші қатысқан ауқымды сауалнама құзыреттердегі кемшіліктерді анықтауға мүмкіндік берді және ол қолданған кейс-стади, сауалнама және контент-талдау әдістері зерттеуге нақтылық пен дәлелділік береді. Ақтөбе тәжірибесі мен еңбек даулары бойынша сот актілерін талдау оң тәжірибені ғылыми жүйеге енгізудің маңызды қадамы болып табылады. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған құзыреттер моделі, іс-қимыл алгоритмдері мемлекеттік басқару тәжірибесіне енгізуге дайын, нақты және тиімді құралдар ретінде пайдалы болады деп күтілуде.

Осыған сәйкес, Қарағойшина Нұргүл Ерболатқызының докторлық диссертациясы 8D04113 – Мемлекеттік басқару білім беру бағдарламасы бойынша бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға қойылатын барлық талаптарға толық сәйкес келеді және қорғауға ұсынылады.

**Ғылыми кеңесші,
заң ғылымдарының кандидаты,
ҚР Парламенті Сенаты
Төрағасының орынбасары**


Ж.Қ. Асанов


қойылған қолын
құландырамын.
Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенаты Аппаратының
Кадр жұмысы және ақпараттық
қауіпсіздік бөлімінің менгерушісі
МАМДТОВ Т.Б.